

учитывались бы при организации общения на занятии. Студенты должны учиться высказывать свое отношение к фактам, к происходящим событиям, обосновывать и отстаивать собственное мнение. Создание на занятии благоприятного психологического климата – это непереносимое условие коммуникативного общения. Атмосфера доброжелательности, раскрепощенности, уважения к личности каждого студента поможет им освободиться от психологических барьеров. Занятия по иностранному языку должны стать занятиями обучения общению через общение. В процессе обучения студенты овладевают речевым этикетом.

Умение общаться лежит в основе организации производства и общественных отношений, сферы управления и сферы обслуживания, семейных отношений. Овладение иностранным языком – это каждодневный, систематический, упорный труд. Поощряя студентов активно работать, регулярно и добросовестно выполнять домашнее задание, мы способствуем их успехам в общении языком. Развивая познавательный интерес в учебном труде, мы закладываем основы заинтересованного отношения студентов к любой будущей профессии. А расширение и качественное изменение характера международных связей Казахстана с другими странами, интернационализация всех сфер общественной жизни делают иностранные языки реально востребуемыми в любой практической деятельности человека.

1. Елухина Н.В. Устное общение на уроке, средства и приемы его организации // ИЯШ, – 1995. – №2. – С.4 – 7.

2. Колкер Я.М., Устинова Е.С. Обучение восприятию на слух английской речи. – М., Академия, 2002. – 329с.

Мақала тілден тыс жоғары оқу орнының студенттеріне тыңдалымды әңгімелеуге үйретудің маңыздылығы мен тілдік әрекеттің осы түріне үйреткенде студенттердің ынтасын көтеруге әсер ететін факторлар туралы баяндайды. Ынталандыру (мотивация) жан-жақты, сан қырлы құбылыс болғандықтан, мақала оқытудың мазмұнын құрайтын әр түрлі құрамдарды қамтыған. Аудированиеге оқытудың әр түрлі кезеңдерінде жаттығулар құру, аудированиенің сөйлеу қызметінің басқа түрлерімен байланысы, аудированиеге дағдыландыруды дамыту үшін аудиомәтіндерді дұрыс таңдау, әдістемелік міндеттерді шешудегі оқытушының шығармашылық әдіс-тәсілі және оқытушыға талап қою мен алға қойылған әдістемелік міндеттерді қол жеткізудегі оның жоғары ынтасы студенттердің танымдық белсенділігі үшін тұрақты ішкі ынтаны қалыптастырады. Аудирование шетел тілін үйретуде күшті құрал болып қана қоймай, студенттердің тілді үйренуде өз бетімен жұмыс жүргізуіне ынтасын ояту үшін олардың коммуникативтік мүмкіндігін кеңейтеді.

Abstract. The article tells us about the importance of listening training of students of non-linguistic higher schools, states the factors influencing students' motivation increase under training to the kind of speech activity. As motivation is a many-sided phenomenon, the article includes various components which make up contents of education for its maintenance. Creation of exercises at various grades of training to audition, link of audition with other types of speech activity, correct selection of audio texts for audition skills development, a creative approach of a teacher to a solution of the methodical tasks, requirements to a teacher and availability of his high motivation for achievement of the posed methodical tasks create steady internal motives for informative activity of students. Audition, being a powerful tool of training to a foreign language, expands communicative possibilities of students for incentive acquisition to independent work on language.

А.Ш. Исағұлова, А.Е. Есімжанова, М.С. Сұлтанова

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Білім берудегі инновациялық үрдістер бүгінгі таңда уақыттың басты талабы ретінде қоғамдық дамудың құрамдас бөлігі болып табылады. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – өскелең ұрпақтың жаңа білімге деген құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, олардың танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол да болса, жоғары білім беру жүйесінің Болон процесінің идеяларын толықтай қабылдап, өз жұмысының мазмұнын осы үрдіспен байланыстырумен ерекшеленеді. Оның басты идеясы – оқу нәтижелерін жоспарлау, құрастыру, яғни жоғары оқу орындарының, оның ішінде әрбір оқытушының, әр пәннің міндеті болып танылуы.

Қазіргі заман жанашылдық, жаңа көзқарастар, жаңалықтар заманы десек, оған сәйкес инновациялық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен, қарқынды да белсенді қолданылууда, ол өз кезегінде музыкалық білім беру барысында мәтіндік, дыбыстық, кескіндемелік, бейнематериалдарды жаңаша қолдануға мүмкіндік береді. Ол білім алушының танымдық іс-әрекетін белсендіруге, шығармашылығын дамытуға, музыкалық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, жалпы жеке тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуына ыңғайлы да ұтымды деп танылады. Оқытудың инновациялық технологияларын болашақ маманның құзіреттілігіне ықпал ететін білім алушылардың инновациялық және шығармашылық тәжірибелер жинақтауына ықпал етеді. Оқытудың

белсенді әдістері, шындығында интерактивті, себебі белсенді әдістер ықпал ету әдістерінен оқытушы мен білім алушылардың қарым-қатынастарына ұласады. Ал ол болса, тұлғаның өзін-өзі дамытуының жолы болып табылады.

Соңғы жылдары Республикамызда білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін белсендіру, инновациялық технологияларды оқыту үрдісіне пайдалану, оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру мәселелері М. Жампейісова, А. Жолдасбекова, Қ. Нағымжанова, Б. Тұрғынбаева, Қ. Сарбасова, Р. Омарова, және т.б. зерттеулерде орын алған. Педагогикалық технологиялардың түрлері өте көп, десек те, оқыту үрдісінде Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы, Қ. Әбдіғалиевтің шоғырландырып қарқынды оқыту технологиясы, М. Жампейісованың блокты-модульдік технологиясы және т.б. қолданыс табады.

Оқытудың инновациялық технологияларын білім беру мазмұны сабақтастығының сақталуына, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңыздылығын атап айтқан жөн. А. Шалабаева инновациялық оқытудың ерекшеліктер қатарына мынаны жатқызады: жеке тұлғаға бағдарланған технологияларды оңтайлы қолдану арқылы инновациялық білім берудің дамуы; ғылыми мектеп негіздеріне сай кәсіби құзіретті мамандар даярлау жүйесін жасау; кәсіби білім беру және инновациялық қызметті кіріктіру қабілеттілігі; оқу орнының отандық және шетелдік өзекті ортамен ынтымақтастық инфрақұрылымын дамыту; оқу орнында жалпы және кәсіби құзіреттілікті дамытуда бәсекелестік қалыптастыру; жаңа мақсаттарға сәйкес ұйымдастыру құрылымын және басқару мен өзін-өзі басқару әдістерін жасақтау.

Қазіргі таңдағы жалпы музыкалық білім берудің басты мақсаты – инновациялық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өнерін қадірлейтін, оның өмірмен байланыстылығын түсінетін эстетикалық және музыкалық танымы дамыған рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталып отыр. Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құруды талап ететін эстетикалық тәрбие беру музыкасыз, оның жас ұрпаққа түрлі де жан-жақты әсерін, оның қабылдануы мен тәрбиелік рөлін зерделеусіз мүмкін емес. Олай болса, музыка жайында бірер сөз қозғасақ, кезкелген халықтың өзіне тән ұлттық мәдениеті, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-этнографиялық ерекшеліктері болады, солардың басты бір арнасы – музыка.

Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Ұлы ойшыл әл-Фараби көрсеткендей: «Музыка –

жақсы мінез-құлықты, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойындағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді», расында, музыка – адамзаттың рухани азығы, жан серігі және тілімен айтып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі, адам жанын жарқындататын өнер. Сондықтан да ол балаларға қатты әсер етеді. Бірақ, жан дүниеге ой тастаған әуенді бір ғана сөзбен жеткізу мүмкін емес, музыканы жан-дүниесімен түсінетін адам ғана әуен ырғағымен қабылдайды. Себебі, «Музыка – жүрек тілі», яғни сезім, қобалжу, көңіл күйдің тілі деп ұққан жөн. Олай болса, музыка шынайы өнер, адамға әсер етіп, құдіретті эмоциялық орасан зор күші арқылы тұлғаның музыкалық-эстетикалық талғамын оятады.

Музыка күші оның жан-жақты әсер ететіндігінде: ерік-жігерге, ақыл-ойға, ойлауға «логикалық сезімге» байланысты. Жалпы, ұлы ғұламалар әл-Фараби, Ибн-Сина т.б. жеке тұлғаның рухани дамуына өнер мен мәдениеттің әсері турасында мағлұматтар, оның ішінде музыка өнерінің теориялық және тәжірибелік негіздерін дамыту жайында тұжырымдар, маңызды зор ғылыми еңбектер қалдырған. Ұлы педагог В.А. Сухомлинскийдің «Гимнастика денені түзесе, музыка адам жанын түзейді» деген пікірі бекер айтылмаса керек, музыка адамның рухани азығы, жан серігі және тілмен жеткізіп айта алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Ол өзінің көркемділігі және маңыздылығымен бала жанын баурап, ақыл-ой сана сезімдерін кеңейтіп, жақсы мінез-қылықтарын біртіндеп қалыптастыруға әсерін тигізеді. Музыка өнерінің тағы бір ерекшелігі адамның көңіл-күйін ортақтандырады. «Табиғат дүниесіндегі сұлулықтың ғажабы аспан шырақтарында, ал жердегі дыбыс сұлулығы – ән, күй сазында» – дейді шығыс философы, музыка зерттеушісі, ғұлама ғалым Әбунәсір әл-Фараби. Француздың ұлы жазушысы Р.Роллан: «Музыка – тамшы сияқты, там – тұмдап жүрекке енеді де, жанды желпіндіреді», – деп айтқанындай, музыканың тілі сөйлеу тіліне қарағанда ұлттық болмысқа көп жақын, адам бойындағы ұлттық рухани байлығының қайнар көзі. Ұлттық қасиет пен ұлттық тілді бойына ең мол сіңірген құбылыс деп музыканы айтуға болады.

Музыкалық дыбыс – өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйінішін, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаға жеткізіп, жүрегіне құйып беретіндігінде болса, ал маңызы – сиқырлы да сүйкімді ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейді. Дүние сырын түсіне, сұлу-

лықты сезіне білген жеке тұлғаны рухани бай тұлға деп атай аламыз. Оның негізгі мақсаты мен міндеттерін іске асыруы мен табысты болуы едәуір дәрежеде мұғалімнің іскерлігіне, шеберлігіне, білімділігіне байланысты болмақ. Оқушының бейімділігіне, қабілетіне, шеберлігіне бағыт беріп, тұлға ретінде қалыптасуына мұғалім мүмкіндік жасап, бірігіп жұмыс істеп, балалардың қызығуын тудырады, қабілетін ұштайды, ал оған тәрбиелік бағыт беру мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуге, жетілдіруге және білім алуға бейімдейді.

Білім беру саласындағы талаптарға сай озық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты педагог-маман болу мүмкін емес. Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – осы ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп, адам өмірін нұрландыруға ат салысуда инновациялық технологияның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Ал оның түп тамыры, негізі музыканы қабылдай білуде жатыр. Музыка таза эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады. Баланы музыка тыңдауға тарта отырып, оны саналы түрде қабылдауға баулу, музыкалық тәрбие беру жұмысындағы күрделі міндеттердің бірі, ол білім алушының тұлға ретінде музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғышарты болып есептеледі. Сол туындыларды терең сезіне білген тыңдаушы музыкалық-эстетикалық талғамы жоғары, адамгершілігі мол, мейірімді, жан-жақты, мәдениетті тұлға болып өсері хақ.

Әсем де көркем музыкалық әлемнің тылсым құбылыстарын терең түсінуде бірден-бір тиімді көмек көрсететін білім берудегі инновациялық технологияның мүмкіндігі зор десек, білімдегі инновациялық үрдістің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялық та, практикалық та жаңалықтарды пайдалану болып табылады. Мұнда білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу; білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа да құрамдас бөліктерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді жүзеге асырады.

Бүгінгі білім беру саласындағы инновациялық технологияның техникалық жаңалықтарының ішіндегі айрықша орын алатын интерактивті тақталар, олар педагогтардың оқу үрдісін көрнекі, анық етеді, сондай-ақ кері байланысты сапалы жүзеге асырады. Интерактивті тақта барлық курсты оқыту үшін таптырмайтын құрал, бұл визуалды ресурс оқытушының жаңа материал-

дарды білім алушыларға өте тартымды, әсерлі және тез жеткізуіне көмектеседі. Бұл тақта ақпараттарды әртүрлі мультимедиялық ресурстардың көмегімен жеткізуге мүмкіндік береді: қиын мәселелерді жеңіл түсіндіріп, кестелерді, музыкалық туындыларды тыңдауға ұтымды да өте ыңғайлы.

Тәжірибеде қолданып келе жатқан мультимедиялық бағдарламалар жайында айтатын болсақ, жиі қолданылып жүрген бағдарламалар қатарына ActivStudio, Final, Sibelius, Microsoft Power Point және т.б. бағдарламаларын жатқызуға болады. Оның келесідей мүмкіншіліктері бар.

ActivStudio бағдарламасының көмегімен презентация жылдам құрып, практикалық сабақтарды жүргізе аламыз, оны дәстүрлі және интерактивті тақта ретінде қолданып, жазу жазып, сызу сыза аламыз, файл беттерін флипчарт түрінде сақтап, оны кез келген топтарда ашып көрсете аламыз, сабақ жоспарының флипчартына суреттерді қойып, фильмдер мен дыбыстарды қосып, музыканы тыңдата аламыз, оқу жоспарларын орындау барысында сабақтың құрылысының орындалуы тез, әрі жылдам және уақыт үнемделетінін байқаймыз және т.т.

Final бағдарламасы – бұл музыкалық бағдарлама. Ол арқылы ноталық станда тікелей жұмыс жасауға болады. Композиторлар үшін өте қолайлы. Сабақ барысында (лекциялық сабақтар, концертмейстерлік кластарда) музыкалық сауаттылықты, ән үйрену, музыка тыңдау және т.б. көптеген іс-әрекеттерді орындауға қолайлы және ұтымды болып танылады. Бұл бағдарлама арқылы хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге және тыңдауға болады.

Sibelius бағдарламасы – бұл да музыкалық бағдарлама. Бұл бағдарлама арқылы ноталықстанның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, нота енгізудің үлкен мүмкіншіліктеріне ие. Лабораториялық, практикалық сабақтарда, концертмейстерлік кластарда атқарылатын іс-әрекеттерді әнді сүйемелдеу, дауыс жаттығуларын жасау, ноталарды енгізіп, айту, музыкалық сауаттылықты меңгеруіне, бейне түсірілімдерді көруге, жалпы енгізілген музыкалық шығармаларды және т.б. іс-әрекеттерді орындауға кең мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге және тыңдауға, енгізілген ноталарды баспадан шығаруға болады. Ең бастысы енгізілген нота қай аспапқа лайықты енгізілсе, сол аспаптың тембрі, яғни дыбыстық бояуын сақтай отырып, оның үнін өңдеулер арқылы ести аламыз. Ол да болса, білім алушының музыкалық аспаптардың дыбыстық бояуын еркін ажырата алуға баулиды.

Microsoft Power Point бағдарламасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ

барысында слайд түрінде қолдануға негізделген мүмкіндіктері өте көп бағдарлама, мәселен, презентацияларды құрып, өткізуге, лекциялық материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды (бейне, дыбыстар, суреттер, тыңдауға арналған музыка) енгізуге және т.б. болады.

Сонымен, мультимедияның оқу үрдісіндегі орны ерекше деп айтуға болады. Бұл ұғымды кең мағынада қарастырсақ, білім алушыға аса тиімді ықпал ету мақсатымен әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді. Белгілі бір ортада әркімнің ақпаратты қабылдауы әртүрлі жүзеге асатыны баршамызға мәлім: бірі – тікелей оқығанда, енді бірі тікелей тыңдағанда, ал үшіншісі бейнені қарағанда қаласа, кейбіреулер тыңдау және көру арқылы қабылдайды. Білім алушы ауызша баяндау кезінде бір минутта ақпараттың бір мың шартты бірлігін, ал көру мүшелерін «іске қосқанда» осындай жүз мың бірлікті қабылдауға және қайта өңдеуге қабілетті екендігі тәжірибе жүзінде анықталынған. Мультимедия құралдары мен технологиялары көмегімен аудиокөріністің ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану арқылы білім алушылардың үйрену құлшынысын арттыру мен оқыту қарқындылығын күшейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге болады.

Мультимедия технологиялары ақпараттың көптеген түрін мағыналы да үйлесімді кіріктіруге мүмкіндік туғызады. Бұл компьютер көмегімен ақпаратты мынадай әртүрлі формада ұсынуға мүмкіндік туғызады: сканерлеген бейнесуреттерді, сызбаларды, ноталық жазулар мен слайдтарды қамтитын кескіндер; дауыстың дыбыстық жазбалары, дыбыстық әсерлер мен әуен; бейне, күрделі

әсерлі бейне; анимация мен анимациялық имитация.

Мультимедияны оқу үрдісінде пайдалану музыка мамандарының оқу материалдарымен өзбетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады, яғни музыкалық туындыларды қалай меңгеру, ақпараттандыру құралдарының интерактивті мүмкіндіктерін қалай қолдану және жұмыс істеуді қалай іске асыру керектігін өзі шешеді. Сонымен, музыка маманы ең алдымен өзі білім алу үрдісінің белсенді қатысушысы болып табылады.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Демек білім беру үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану міндеттерін жүзеге асыру үшін кәсіби маман өскелең ұрпақтың табиғи мүмкіндіктерін, қабілетін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуге аса назар аударуы тиіс.

Авторы в статье рассматривает роль музыки в развитии личности и ее взаимосвязь с инновационной технологией образования. Раскрывает возможности использования мультимедийной программы, ActivStudio, Final, Sibelius, Microsoft Power Point в музыкально-образовательном процессе.

Abstract. Authors consider a role of music in the development of personality and her/his interaction with innovation technology of education. Opportunities of using of multimedia program, ActivStudio, Final, Sibelius, Microsoft Power Point are revealed in music educational process.

Н. Б. Джафарова

ПРИНЦИПЫ ОБУЧЕНИЯ МОРФОЛОГИИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Дидактика и методика преподавания рассматривает законы и принципы обучения. Как известно, если ученик осознает важность обучения, то у него повышается интерес к обучению.

Ученый-методист Б.Ахмедов выявил три закона методики обучения азербайджанскому языку:

1. Закон взаимосвязи мышления и языка в процессе обучения.

2. Закон теоретических методов обучения на основе речевой практики учеников.

3. Закон интеграции всех дифференцированных компонентов в виде объединенной системы в обучении языка [5, с. 61].

Профессор Г. Балыев, поддерживая принципы профессора Б. Ахмедова, считает, что первый закон «Взаимосвязи и единства мышления и языка в процессе обучения» и рожденные из этого закона принципы и правила можно единогласно и без каких-либо претензий принять как истинные. Второй и третий законы, Г.Балыев, не считает законами, воспринимает их только как правила или требования [1, с. 104].

Профессор Г. Балыев раскрыл два закона обучения азербайджанскому языку и определил принципы и правила, исходящие из этих законов.